

"SOS - Қазақстанның балалар қалашықтары" қоры туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 21 маусымдағы N 2345

Жетім балаларға қараусыз қалған және қайғы-қасіретке душар болған балаларға, сондай-ақ оларды "SOS - Қазақстанның балалар қалашықтарында" тәрбиелеуші аналарға көмек беруді қамтамасыз ететін қайырымдылық қызметін қолдау мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "SOS Киндердорф

Интернациональ" Халықаралық Қорының арасында 1993 жылғы 22 қарашада жасалған Шарт мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті "SOS - Қазақстанның балалар қалашықтары" қорына жан-жақты көмек және қолдау көрсетсін.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті